

А.А. Иващенко

Қазақстанның өсімдіктер әлемі



Алматыкітап баспасы
2012

УДК 581
ББК 28.5я70
И24

А. А. Иващенко
И24 Қазақстанның өсімдіктер әлемі. — Көпшілікке арналған ғылыми басылым. —
Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. — 176 бет.

ISBN 978-601-01-1055-7

Қазақстанның өсімдіктер әлемі — республикамыздың негізгі ландшафт аймағында сирек кездесетін өсімдіктер дүниесі туралы мәлімет беретін басылым. Көркем безендірілген бұл энциклопедия өсімдіктердің 150-ден аса түрі жайлы мағлұматты қамтиды, бұлардың кейбіреулері Қазақстанның Қызыл кітабына енген.

Басылым мектеп жасындағы балалар мен көпшілік қауымға арналған.

УДК 581
ББК 28.5я70

ISBN 978-601-01-1055-7


© ТОО «Алматыкітап баспасы» 2008
© ЗАО Издательский дом «Аванта+», оформление, 2008
© ТОО «Алматыкітап баспасы» 2012, қосымша таралым

КІРІСПЕ

Қазақстан — Еуразияның орталығында орналасқан байтақ ел, жер көлемі 2 млн. 715 мың шаршы шақырымға созылып жатыр. Батысында Каспий теңізінен, шығысында Алтайға дейін 3000 шақырымға жуық жерді алады, солтүстіктен оңтүстікке Орал таулары мен Тянь-Шань тау қыраты /хребтов/, Үстірт және Қызылқұм шөлдері 1600 шақырымды құрайды. Еліміздің жер көлемінің үлкендігіне тікелей байланысты табиғи-климаттық жағдай әр-түрлі болып келеді. Климаттық жағдайдың ауысып отыруына байланысты Республикамыздың ландшафы әр түрлі болып келеді. Солтүстіктен оңтүстікке көз жіберсек, біз жазықтықта орналасқан үш түрлі табиғи-климаттық аймақтарды ұштастырамыз — орманды дала, далалы және шөлді. Қазақстанның территориясын оңтүстіктен және шығыстан көмкеріп тұрған биік таулар, белдеулер биіктігімен ерекшеленеді. Климаттың құрылуына географиялық ендіктің әсері мол. Қазақстанның табиғат зоналары да географиялық ендік бойынша орналасқан, өзара үйлесімді. Мұндай үйлесімділік еліміздің өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жан-жақты әрі әртүрлі болуын қамтамасыз етеді. Әр ландшафтың бейнесі бірінші кезекте бар тіршіліктің тірегі жасыл өсімдіктерден құралады. Соңғы деректер бойынша Қазақстанда жоғарғы сатыдағы 5754 өсімдік түрі кездеседі, олар: қырықбуындар, папоротниктер, жалаңаштұқымдылар және гүлдесін өсімдіктер. Әлбетте, бұл сандар нақты емес, Қазақстан ботаниктерінің үздіксіз зерттеулері әрбір аймақ үшін, сондай-ақ ғылым үшін жаңалық болып табылатын түрлермен толықтырылып отырады. Осындай алуан түрліліктің арасында, әр-түрлі тіршілік формалары кездеседі: мықты ағаш, биік және жатаған, ара-кідік төселгіш бұталар, тартымды бұташықтар, көпжылдық, сондай-ақ біржылдық түрлі шөптер. Алтай тауларында өсетін,




Қазақстан өсімдіктер әлемі



алыптар қатарына кіретін биіктігі 40 метрге жететін Сібір қарағайы және кішкене ғана біржылдықтар.

Қазақстан тауларының құрғақ беткейлерінде, шөлдер мен далаларда кездесетін мүйізді шөңгебастың әдеттегі биіктігі 1 см-ге өрең жетеді. Бірақ біздің шөптеріміздің арасында да орасан үлкендері кездеседі, мысалы, кәдімгі қамыс. Бұл өсімдік өзен, көлдердің жағалауларында өседі, жиі-жиі үлкен шілік құрайды. Биіктігі екі қабат үйдің биіктігіне сәйкес- 7 метрге дейін жетеді. Өсімдіктер тіршілігінің ұзақтығы да әртүрлі. Мысалы, Батыс Тянь-Шань орманының негізін құраушы Зеравшан аршасы мың жылға дейін тіршілік ететін болса, осы тауды мекендейтін біржылдық көктем крупкасы өзінің тіршілік кезеңін 3-4 аптада аяқтайды.

Біздің еліміздің бай өсімдіктер әлемі ертеден-ақ адам баласына қызмет етіп келеді. Қазақстан тұрғындары тірі табиғатпен дәстүрлі байланыста, олар өздерінің айналасындағы өсімдіктерді және олардың күнделікті тұрмыстағы пайдасы туралы жақсы біледі. Бұл тек құрылыс ағаштары және отындық



орман тұқымы емес, сонымен қатар азық-түлік көзі. Жаңғақ, жеміс және жидектерден басқа, әртүрлі жуа түрлері (піскемжуа, ақ жуа, алтай жуасы), жабайы сарымсақ, сондай-ақ Котчиев қатраны және балшөп туысы бұлардың химиялық құрамындағы көмірсулар мен крахмалдар картоптың ең жақсы деген сортының құрамынан кем емес.

Қазақ халқы үшін дәстүрлі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан кілем тоқу және былғары бұйымдар жасау - үнемі жабайы өсімдіктер шикізаттарын пайдалануға негізделді. Кілемдер, киіз, маталарды бояу үшін нағыз төзімді әрі ашық түсті бояулар рауғаш қызылтамыры, кәдімгі адыраспан, риян өсімдіктерінен алынады. Жоғары сапалы иленген тері алуға Максимович рауғашының тамыр сабақтарын пайдалану арқылы қол жеткізілді. Өсімдіктерден сабын, киім тігу үшін мата, жіптер, себеттер және үйге қажетті басқа да ыдыстар жасайды. Әрине, адамдар өсімдік шөптермен ерте кезден бастап, бүгінгі күнге дейін емделіп келеді. Барлық тұрғындар әсіресе ауылдық жерде тұратындар шәйқурайдың, жұпаргүлдің, бақажапырақтың, өгейшөптің, қарағаш шөйірі қандай ауруларға ем ретінде қолданылатынын біледі. Сонымен қатар, тек қазақ халқы үшін дәстүрлі пайдаланылатын бірнеше өсімдіктер бар. Мысалы, тобылғы діңінен қамшыға сап жасайды, гүлдеген зизифорамен қымыз құюға арналған ағаш ыдысты /күбі/ ыстайды. Ерекше көбіктенуі үшін және өзіндік дәмі болу үшін бұл сусынға дөңгелек

жапырақты аканит тамырының бір түйірін қосады.

Қазақстан флорасының жан-жақтылығы тек әртүрлілігімен ғана қорытылмайды. Қазақстан флорасының 700-ге жуық өкілі эндемиктер болып табылады, яғни басқа елдерде жабайы өсімдіктер ретінде кездеспейді. Бізде жас түрлері де бар, қалыптасу процесі әлі де аяқталмаған неоэндемдер деп аталады. Бірақ айтарлықтай назар аударатын ертедегі реликт түрлер, өткен ғасырлар қалдықтары, “тірі қазбалар” жетісу недзвецкиясы Қазақстанның ерекше мақтанышы жасы шамамен 30 миллион жылға жуық. Бұл Қазақстан флорасының әлемге әйгілі эмблемасы, яғни Қазақстанның сирек кездесетін өсімдіктері жайлы кітаптарының көпшілігін көркемдеуге қолданылатын бейне. Өкінішке орай, жарыққа шыққалы отырған баспа көлемі 6 мыңға жуық “Қазақстан өсімдіктері әлемі” өкілдерін нақтылы суреттеуге мүмкіндік бермейді.

Бұл кітаптың мақсаты - көрнекті, қызықты, сонымен қатар, онша танылып үлгермеген түрлері, олардың таралуы, тіршілік етуі және пайдалы қасиеттері жайында баяндау. Біздің пайымдауымызша, Алтай және Тянь-Шань таулы аймақтарына, жазықтарына тән өсімдіктер іріктеліп алынды.





ЖАЗЫҚТАР

ОРМАНДЫ ДАЛА

Орманды далалы аймақ Республикамыздың 2 процентке жуық бөлігін алып жатыр - Солтүстік Қазақстан облысы, солтүстік шығыс Қостанай және азғана Көкшетау қаласының шектелген арал түрінде шағын бөлігі. Бұл аймақ жылы және құрғақ климатымен белгілі. Жауын-шашынның орташа мөлшері 250мм-ден 400 мм аралығында. Нағыз суық қаңтар айындағы орташа температура -19 /обсолюттік минимум 40 С-ге дейін/; ең жылы шілде айындағы орташа температура 18-19 С. Вегетациялық /өсіп-өну/ кезеңінің ұзақтығы 160-170 күнге созылады. Топырақ жамылғысы қаратопырақтан және сұр орман топырағынан құрылған. Өсімдіктер жамылғысы көктеректі-қайыңды орман және әртүрлі шөптесін астық тұқымдастарға бай дала. Негізгі орманды дала тұқымы көктерек және қайың, мұнда негізінен үш түрі кездеседі /қотыр қайың, үлпек қайың, қызыл қайың/. Осы аймаққа тән бұталар - тікенді раушан, дала шиесі, шөңкіш, Татар ұшқаты, Қара жемісті ырғай т.б. Территорияны пайдаланудағы негізгі бағыт-шөп ору, мал жайылымы, егістікке пайдалану, ағаштарын құрылыс материалдарына, отынға жарату. Жасыл алаңқайлар мен далалы жерлердің 60-90 % жыртылған. Енді осы аймаққа тән және ерекше назар аударатын өсімдіктерді суреттеуге ауысамыз.





Қотыр қайың

ҚОТЫР ҚАЙЫҢ (Қайыңдар тұқымдасы)

Қазақстанда кездесетін осы туыстың 12 түрінің ішіндегі ең кең тарағаны. Бұл түр жазықта, тау беткейлерінде, жеке өзі ғана, сондай-ақ басқа да қылша және жапырақты тұқымдастармен бірігіп өседі. Діңі түзу, 20 метрге дейін жетеді. Діңінің түсі ақ болғандықтан, алыстан көз тартады. Ақ түс қайыңның клеткасында ерекше борпылдақ бетулиннің болуына байланысты. Қайыңның қабығы түлеген кезде, шашырап діңін ақ тозаңмен жабады, жаңбыр да шайып кете алмайды. Қабықтың ішкі



қалыңдау сарғыш қабаты береста деп аталады, оған жазуға болады немесе бұйымдар тоқуға пайдаланады - себет және т.б. Бұтақтары жіңішке, майысқақ, төмен қарай иіліп тұрады, жас бұтақтары қызғылт-қоңыр. Жапырақтары үшбұрышты немесе жұмыртқа пішіндес, жиектері тіс секілді иректелген, үшті үшкір. Гүлдері көп, ұсақ, топтасып сырғаға ұқсас болып кетеді. Аталық сырға гүлі де, аналық сырға гүлі де бір ағашта орналасқандықтан қайың - бір үйлі өсімдік болып есептеледі. Аталық, аналық гүлдер бір-бірінен өздерінің сырт пішінімен ғана ажыратылмайды, олардың өсіп-жетілу мерзімдері де ерекше. Аталық сырға гүлін жазда салады, қыста олар ұзарып, гүлдеуге дайын тұрады. Аналық сырға гүлі (жеміс беретін) бүршікте қыстап шығып, көктемде ашылады. Аналық гүл едәуір қысқа, жасыл бүршіктерге ұқсас болып келеді. Қайың жапырақ жая бастаған мезгілде, гүлдейді, желдің әсерімен сары тозаңдар алыс жаққа тарайды. Көктемгі қар суы да таралуына көмек береді. Қайың - жарық сүйгіш өсімдік. Жас қайыңдар жылдам өседі және күнделікті тұрмысқа пайдалану мақсатында оталған ормандардың орнын қайың басып кетеді. Жас қайыңдардың көлеңкесінде тағы да самырсын немесе шырша өсе бастайды. Өсе келе олар қайыңды басып кетеді. Адам өмірінде бұл ағаштың маңызы зор. Қайың шырыны құрамында қант көп болғандықтан, түрлі сусындар даярлауға пайдаланылады. Қайың ағашы сапалы құрылыс материалы және жақсы отын болады. Қайыңның қабығынан құрғақ айдау арқылы Вишневский, Вилькинсон майының құрмына кіретін қарамай алады. Ал жапырағы мен бүршігі бүйрек, буын ауруларын тіпті тері қатерлі ісігін емдеуге қолданылатындығы баршаға белгілі. Ежелден белгілі қайыңды алқаптар мен ормандарды қорғау мақсатында қолдан егеді.


КӨКТЕРЕК (Талдар тұқымдасы)

Қазақстанда белгілі жабайы 11 түрдің ішіндегі көпшілікке белгілі Самырсын орманында, аралас ормандарда, өзен жағалары мен сазды жерлерде бір сөзбен айтқанда, Республиканың барлық жазықтарында, Батыс Тянь-Шань және Шу-Іле тауларынан басқа тауларда өседі. Бұл биіктігі 25 метрге дейін жететін жылдам өсетін ағаш, діңі түзу, тегіс, қабығы жасылдау - сұр түсті. Жапырағы дөңгелек, жиегі бір келкі емес, жұмыр тісті. Басқа ағаштардан айырмашылығы көктеректің жапырақ жүйкелері астыңғы жақтарына қарағанда жапырақтың үстіңгі жағынан жақсы көрінеді. Тамыр жүйесі топырақтың беткі қабатына жақын жетілетіндіктен, тамырдан түйін тастап жас көктеректің пайда болуына мүмкіндік жасайды. Көктеректің қайыңнан айырмашылығы екі үйлі өсімдік.

Аталық сырға гүлдері бір ағашта, ал аналық сырға гүлдері басқа ағашта ерте көктемде жапырақ жарғанға дейін гүлдейді, гүлдері көп және ұсақ. Назарын өзіне еріксіз аударатын аталық сырға гүлі -үлпілдек, жұмсақ сұр, майысқақ, қызыл түсті тозаңдары бар. Тозаңдану жел арқылы жүреді. Аралар гүлдің тозаңдарымен бірге әлі де ашылмаған бүршіктерден жабысқақ зат (клей) жинайды. Тұқымы өте ұсақ, пісіп жетілген соң, жаз мезгілінде желмен таралады. Бұл да қайыңға ұқсас кесілген немесе өртенген ормандардың орнына қаулай өседі, нәтижесінде ұзақ жыл тіршілік салыстырғанда өзінен жоғары бағаланатын ағаштардың өсуіне жағдай жасап, ығысып шыға береді.

Көктерек

Көктерек жарық сүйгіш өсімдіктер қатарына жатады. Жылдам өсетіндігі үшін бағаланады. Одан алынатын жұмсақ, ақ түсті ағаштар құрылысқа пайдаланылады, қағаз шығаруға, фанер, шырпы т.б. заттар жасауға қолданылады. Қабығы тері илеуге, тканьді бояуға қолданады (сары түс береді). Бүршігі мен жапырағы ағзаға тез әсер ететін заттар түзеді, бөлме ауасын тазартуға пайдаланады, халықтық медицинада кеңінен қолданылады. Өкпе, безгек, уланған немесе жылан шағып алған жағдайда қолданады.



ИТМҰРЫН (Раушангүлділер тұқымдасы)


Казақстанда кездесетін 25 түрдің ішіндегі ең әдемісі. Республиканың (Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы) сай, Орталық және Оңтүстік-шығыс бөлігінде тауда, жазықта, қорым тастарда, беткейлерде, ормандарда, дымқыл топырақты жерлерде бұталар арасында өседі. Ылғалды жақсы көреді, топырақтың да, ауаның да ылғалдығына сезімтал, биіктігі 2 метрге дейін сұр - қошқыл түсті, қабығы бар, сабағымен бұтақтары ұсақ тікенекті. Өткір тікенектер барлық туыс



Итмұрын

ұшында түспейтін құрғақ тостағанша жапырақшалары барлық раушандар мен жабайы розалар адамдарға жақсы таныс. Кейбір түрлері ежелден белгілі бауда өсірілетін раушандардың арғы тегі болып табылады. Біздің эрамызға дейінгі 4 мың жылдыққа жататын Алтайдың көмбелерінен табылған металл ақшаларда да бауда өсірілетін раушандар бейнеленген. Қазірде жабайы раушандар сұрыптауда және мәдени раушандардың сапасын жақсартуда қолданады. Тікенді раушанның ерекшелігі - бағалы витаминдерге бай, жемісі

түрлеріне тән, олар жануарлардың жеп қоюынан сақтайды. Жапырағы күрделі, тақ қауырсынды, әдетте 2-3 -тен жұптасқан көлемді эллипс тәрізді, жиегі ара тісті, ал астыңғы жағын қою да жұмсақ түк басқан. Гүлі қос жынысты, дұрыс гүл (актиноморфты) тостағаншасы жіңішке жасыл түсті, күлтесі ашық күлгін немесе қызғылт түсті. Тостағаншалар мен күлтелер саны бірдей (5-тен), аталық пен аналық көп (саны анықталмаған), гүлі көлемді (диаметрі 6 см-ге дейін), ұзын гүл табанына көбінше жалғыздан, аракідік топтасып бекиді. Ашық түсті гүлінің хош исі жәндіктерді өзіне тартады, ара, үлкен тозаң жейтін қоңыздарды, олар бір гүлден екінші гүлге ұшып-қонып жүріп айқас тозаңдандырады. Кейде жәндіктер гүлді түнеп шығатын орын ретінде пайдаланады, өйткені кешке қарай гүлдердің күлтелері жиырылады, жабылады. Тікенді раушан шілдеде гүлдейді, тамызда жеміс береді. Раушан туысының жемісі туралы толығырақ айтсақ артық болмас. Раушан туысының жидегі шындығында да жалған жеміс, құрылысы күрделі, күлте жапырақшаларының құмыра немесе бокал тәрізді болып, қабырғаларының ішкі жағында бекінген көптеген сарғыш жаңғақтар, қою да қаттылау түктермен бөлінген. Біз суреттеп отырған түрдің жидек пісіп- жетілген қою, ашық- қызыл түсті,



және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күтелерден дайындалған эфир майы - парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.

ҚАРА ҚАРАҚАТ (Тас жарғандар тұқымдасы)

Шығыс және Орталық Қазақстанның орманды дала және таулы аудандарындағы едәуір танымал бұта. Батыста ол Орал өзенінің бассейніне дейін тараған, ал оңтүстік - шығыста Жоңғар Алатауына дейін тараған. Алдыңғы түр сияқты, ылғалды жерді жақсы

Қара қарақат

көреді, өзен жағалауында, сазды жерлердің жиегінде, ылғалды ормандарда өседі. Бұл түрдің бұтақтары түзу, биіктігі 1,5 метрге дейін, жас бұтақтар алғашқыда бозарып тұрады, жаздың аяғында қоңыр түске ауысады. Жапырағы саусақ салалы, ұзын. Қара қарақатқа тән бір ерекшелік жапырағы мен жас бұтақтарының төменгі жағында болатын сары (железок) сызықтың болуы, өсімдікке хош иіс береді. Гүлдері күлгіндеу немесе жасылдау, сирек шашақты, әр шашағында бестен шоғырланған. Қарақат мамыр, маусым айларында гүлдейді, шыбынның көмегімен тозаңданады. Қолайсыз жағдайларда да өзі тозаңданады, бұл жиі болып тұрады (бір гүлдің ішінде). Жемісі хош иісті, қара немесе қошқыл. Көптеген ұсақ тұқымды жидек шілде, тамыз айларында пісіп жетіледі. Тұқымын құстар таратады. Қара қарақат көпшілікке жабайы күйінде де мәдени түрде де белгілі. Жалпы алғанда Қазақстанның барлық аймағында өсіріледі. Бірақ жабайы қарақат жоғары бағаланады. Себебі қантты витаминге бай тағам ретінде және емдік мақсатта, көкөністерді консервілеуде жапырағы хош иіс беруге кеңінен қолданады.





Татар ұшқаты

ТАТАР ҰШҚАТЫ (Ұшқаттар тұқымы)

Қазақстанда кездесетін 22 түрдің кең таралғаны. Орман алаңқайларында, құрғақтарда, бұта шіліктерінде, өзен аңғарларында, сондай-ақ Қазақстанның барлық тау беткейлерінде кездеседі. Бұл бұтаның биіктігі 1-3 метрге дейін, жас өркендерімен бұтақтары сарғыш- қошқыл, көлденең болып айырылып кеткен сұр түсті қабықпен жабылған. Жапырағы суптропиктік, жұмыртқа тәрізді, қысқа, жапырақ тақтасының жоғарғы беті ашық- жасыл, астыңғы жағы ашық түсті. Гүлдері екі жынысты жас бұтақ жапырақтарының қуысына екі-екіден жиналған. Олар ұзын да жіңішке гүл табанына орналасқан, гүл серіктері бар. Түстері ақ және бозғылт, күлгін, қызғылт болып келеді. Тостағанша жапырақшалары, күлтелері немесе аталығы 5-тен, тозаң қабы түтік тәрізді. Татар ұшқаты мамыр-тамыз айларында гүлдейді, ұзын тұмсықты жәндіктер мен көбелектер тозаңдандырады. Жемісі - тұтасқан шар тәрізді, шырынды жидек түсі қызыл, қызғылт сары және сары. Маусым, тамыз айларында піседі. Олар улы, сондықтан құстар жемейді. Бұл бұта безендіру құралы ретінде бағалы, гүлдеп тұрғанда да, жеміс берген шағында да әсемдігі көз тартарлық. Суыққа да құрғақшылыққа да төзімділігі жоғары, осы қасиетіне байланысты демалыс саябақтарында, бауда, темір жол, авомобиль жолдарының бойында өсіріліп келеді.

Кәдімгі шәңкіш



КӘДІМГІ ШӘҢКІШ (Ұшқаттар тұқымдасы)

Жоғары да аталған тұқымның туысы болып есептеледі. Негізі -ормандық, ылғал сүйгіш бұта, ағаштың шіліктерін мекен етеді, өзен, көлдердің жағасында, Солтүстік Қазақстанның жазық жыраларында , тау аңғарлары мен тауларында және Орталық аласа төбешіктерде, Алтай және Тянь-Шаньға дейін, таралған. Кәдімгі шәңкіштің биіктігі 1,5 метрден 4 метрге дейін, ескі бұтақтардың

